

БЕКІТІЛДІ
«Инкар & S» МҚҰ» ЖШС
жалғыз қатысушысының шешімімен
2024 жылғы 25 қарашадағы № 30



«ИНКАР & S» МИКРОҚАРЖЫ ҰЙЫМЫ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІНІҢ
ҚҰПИЯЛЫҚ САЯСАТЫ

Қарағанды қ., 2025 жыл

Осы Құпиялық саясаты (бұдан әрі – Саясат) «Инкар & S» микроқаржы ұйымы» ЖШС-мен (бұдан әрі – МҚҰ) Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы аумағында қолданыстағы жеке деректерді қорғау саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді.

Саясат микрокредит беру барысында МҚҰ жеке тұлғадан (бұдан әрі – Клиент) алатын барлық жеке деректерге қолданылады.

Саясаттың мақсаты – Клиенттердің жеке деректерін өңдеу кезінде олардың құқықтары мен бостандықтарын, соның ішінде жеке және отбасы құпиясына қол сұғылмауын, рұқсатсыз қол жеткізу мен жария етуден қорғауды қамтамасыз ету.

Клиент осы Саясатқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз жеке деректерін жинауға, өңдеуге, сақтауға және беруге келісім береді.

1. Жалпы ережелер

Саясатта келесі ұғымдар қолданылады:

1. «Инкар & S» микроқаржы ұйымы / МҚҰ – әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен, микроқарыздарды жеке және (немесе) заңды тұлғаларға қамтамасыз етумен немесе қамтамасыз етусіз, сондай-ақ уәкілетті орган берген лицензияға сәйкес рұқсат етілген қосымша қызмет түрлерін жүзеге асыратын қаржы ұйымы;
2. жеке деректер – электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық тасымалдағыштарда тіркелген, жеке деректер субъектісіне қатысты немесе сол субъектіні айқындауға мүмкіндік беретін деректер;
3. жеке деректер субъектісі (бұдан әрі – субъект) – жеке деректерге тікелей қатысы бар жеке тұлға;
4. жеке деректерді жинау – жеке деректерді алуға бағытталған іс-әрекеттер;
5. жеке деректерді жинақтау – жеке деректер базасына енгізу арқылы оларды жүйелеу іс-әрекеттері;
6. жеке деректерді өңдеу – жинақтау, сақтау, өзгерту, толықтыру, пайдалану, тарату, иесіздендіру, бұғаттау және жою жөніндегі іс-әрекеттер;
7. жеке деректерді пайдалану – меншік иесі, оператор немесе үшінші тұлғаның мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған іс-әрекеттер;
8. жеке деректерді сақтау – олардың тұтастығын, құпиялылығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-әрекеттер;
9. жеке деректерді қорғау – деректердің субъектісінің немесе оның өкілі рұқсатынсыз таралуын болдырмау мақсатында оларды құпия ұстауға бағытталған құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шаралар жиынтығы.

2. Жеке деректерді өңдеу қағидаттары мен мақсаттары

2.1. Жеке деректерді өңдеу келесі қағидаттарға негізделеді:

- өңдеудің заңдылығы және адалдығы;
- деректерді жинау кезінде алдын ала анықталған және жарияланған мақсаттарға сәйкестік;

- өңделетін деректер көлемі мен сипатының мақсатқа сәйкестігі;
- бір-біріне қайшы келетін мақсаттар үшін деректер базаларын біріктіруге жол бермеу.

2.2. Жеке деректер Клиенттің келісімімен ғана өңделеді. Клиенттің сайтты немесе МҚҰ-ның өзге де сервистерін пайдалануы – осы Саясат шарттарын қабылдағанын білдіреді.

2.3. Жеке деректерді өңдеу – микрокредит беру туралы шешім қабылдау кезінде қызмет көрсету жылдамдығы мен сапасын арттыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын орындау мақсатында жүзеге асырылады.

2.4. МҚҰ жеке деректерді заңсыз немесе кездейсоқ қол жеткізуден, жоюдан, өзгертуден, көшіруден, беруден, таратудан және басқа да заңсыз әрекеттерден қорғау үшін ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қолданады.

3. Жеке деректерді өңдеудің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі негізгі шаралар

3.1. МҚҰ келесі шараларды жүзеге асырады:

- деректерге тек міндеті бойынша өңдеумен айналысатын қызметкерлерге ғана қолжетімділік беріледі;
- деректер өңделетін бөлмелер «шектеулі қолжетімділік» мәртебесіне ие;
- деректер МҚҰ қызметкерлерінің жеке жұмыс орындарында өңделеді;
- жұмыс орындары деректерді бақылаусыз пайдалануды болдырмау үшін орналастырылады;
- рұқсат етілмеген қолжетімділікті анықтау және оны жою жөніндегі шаралар қабылданады;
- деректердің жоғалуын болдырмау үшін резервтік көшірмелер жасалады;
- деректерге қолжетімділік деңгейлері ажыратылады;
- деректермен жұмыс істейтін қызметкерлер заңнама талаптарымен таныстырылады;
- заңнаманың бұзылу фактілері аныкталып, салдарлары жойылады;
- деректер заңнама талаптарына сәйкес белгіленген мерзімде жойылады.

4. Жеке деректер бар ақпаратты ұсыну тәртібі

4.1. Клиенттің (не оның заңды өкілінің) сұрауы бойынша, МҚҰ он бес күнтізбелік күн ішінде тегін түрде оның жеке деректерін ұсынады.

4.2. Ақпарат беруден бас тартылған жағдайда, МҚҰ он бес күнтізбелік күн ішінде дәлелді жауап ұсынады.

4.3. Үшінші тұлғалардың деректерге қол жеткізу құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті өкілеттіктер болғанда ғана жүзеге асырылады.

4.4. Деректерді берген кезде уәкілетті тұлғалар келесі талаптарды сақтайды:

- Клиенттің жазбаша келісімінсіз деректерді таратпау (өмірі мен денсаулығына төнетін қауіп жағдайларын және заңда көзделген жағдайларды қоспағанда);
- деректердің тек берілген мақсаттарда қолданылуын қамтамасыз ету және оны растайтын құжаттарды алу;
- заңсыз сұраныстар бойынша ақпарат беруден бас тарту;
- сұраныстар бойынша деректерді бергені жөнінде есеп жүргізу.

5. Жеке деректерді алу, өңдеу және сақтау талаптарын бұзу үшін жауапкершілік

- 5.1. Жеке деректерді өңдеумен айналысатын МҚҰ қызметкерлері деректерді қорғау, өңдеу және пайдалану тәртібін бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

6. Қорытынды ережелер

- 6.1. Саясат МҚҰ директорымен бекітілген сәттен бастап күшіне енеді.
- 6.2. Қазақстан Республикасының заңнамасына, МҚҰ ішкі құжаттарына өзгерістер енгізілген жағдайда, Саясатқа түзетулер енгізіледі. Жаңа редакция МҚҰ сайтында жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.